

**Тақырыбы: «Бам-бум» қозғалмалы субұрқақтар
(субұрқақтар жасау)**

Топтары: «Әмбебап балдырған» мектепалды тобы

Тәрбиешілер: Көптілеуқызы Әсел, Алмасова Жадыра

Күні: 27.06.2025ж

Мақсаты: Балалардың жаз мезгілі, су, тазалық туралы түсінігін кеңейту, қимылдарын дамыту. Балалардың көңіл күйін көтеру, қиялын дамыту.
Құрал-жабдықтар: Түрлі түсті бояу, шар, шеңбер.

Барысы:

Тәрбиеші: Жаз келді, күн жылыды,

Табиғат та құлпырып.

Саябақта субұрқақ,

Су шашады бұлқынып.

Балалар бүгінгі көңіл- күйлерің жақсы ма?

Сайқымазақ Бам бум: Сәлем балалар мен сайқымазақ Бам буммын. Мен бүгін сендерге күлкімен ойын әкелдім. Кел бірге күлейік, ойнайық шаттанайық.



«Күлкі шеңбері» ойыны

Шарты: балалар шеңберге тұрады. Сайқымазақ ерекше күлкімен күледі. (хы хы, хи хи, ха ха) қасындағы балалар сол күлкіні қайталайды, өздерінің күлкісін қосады, ойын күлкі арқылы жалғасады.

«Шатаспай қайтала» ойыны

Шарты: балалар қол шапалақтап шеңберде тұрады, сайқымазақ балаларды айналып шапалақ ұрып жүреді, бір баланың қасына барып ырғақты қимыл көрсетеді, бала сол қимылды қайталауы шарт.



«Жылдам шеңберден өт» ойыны

Шарты: балалармен сайқымазақ қол ұстасып тұрады, сайқымазақ шеңберден өзі өтіп бастайды, қалған балалар қолдарын жібермей сол шеңберден өтуі керек.



«Сайқымазақтың сиқырлы қапшығы» ойыны

Барысы: сайқымазақ өзімен бірге әкелген қапшықтың ішінде не бар екенін сұрайды? Қапшық ішінде шарлар бар. Шарлар түрлі түсті, ішіне бояулар құйылған, балалар сол шарларды тақтаға көздеп лақтырады, шар жарылып, ақ қағаз бетіне түрлі түстер жағылады.



«Қозғалмалы субұрқақ» ойыны

Барысы: жіпте ілініп тұрған шарды жарып, субұрқақтар жасайды.



Қортынды: «Көңілді ойын» су атысып ойнайды
Су өмірдің бастауы,
Салқын жаздың ажары,
Субұрқақпен ойнайық.

